

Бағалау парағы беріледі

1.2010 жыл мектеп жасына дейін бүлдіршіндерді балабақшаман қамтамасыз ету үшін арнайы мемлекеттік бағдарлама ?

- А. Балапан
- Б. Мектеп
- В Балдәурен

2. «Дарын» республикалық ғылыми –тәжірибие орталығы қашан құрылды.

- А. 2010ж
- Б.1998 ж
- В. 1999 Ж

3. «Зияткерлік мектеп жобасы дарынды балаларға арналған іске қай жылы қосылды.

- А.2008ж
- Б.1998 ж
- В. 2010 ж

4. «Назарбаев Зияткерлік Мектеп» туралы ҚР заңы қашан қабылданды?

- А. 2011 ж, қаңтар
- Б. 2010 ж қаңтар
- В 1999 ж қаңтар

5. Баршаға арналған тегін кәсіптік –техникалық білім беру» жобасы жүзеге асырылған жыл?

- А. 2018 ж
- Б.2017 ж
- В. 2019ж

6. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-тірік университеті қай жылы ашылды?

- А. 1990 ж
- Б.1991 ж
- В. 1993ж

7.Қазақ-Британ техникалық университеті қашан ашылды.

- А. 2000ж
- Б. 2001ж
- В.2002ж

8. Елімізде үздік техникалық жоғарғы оқу орны

- А. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
- Б. Ұлттық Қорғаныс университеті

В. ҚБТУ

9. Нешінші жылдары қазақ тілінде оқытатын мектептер саны азайса, тәуелсіздік жылдарында оқушылардың қанша бөлігі мемлекеттік тілде білім алды?

А. 1991 ж, үштен бір бөлігі

Б. 1980ж. төрттен үш бөлігі

В. 1990 ж. үштен екі бөлігі

10. Білімнің жаңартылған мазмұнының стандарттарына енгізілді

А. Мектеп, лицей

Б. Гимназия, колледж

В. НЗМ,КТЛ (БИЛ)

Үй тапсырмасы Бағалау :

1-10 балл-2 бал

1-9 балл-1 балл

1-8 бал-0 балл

2. Суреттер беріледі : талапкер бас киімі, Оқу орындары, Болашақ эмблемасы

Сабақтың тақырыбы:

Оқу мақсаты :

Мақсаты :

№1 тапсырма

«Галлерия жазба бюросы»

Жазбаша құжатты талдау жұмыс парағы

1.	ҚҰЖАТ ТҮРІ (Бірін таңдаңыз): ○ Үнпарақ ○ Хат ○ Карта ○ Патент ○ Телеграмма ○ Баспасөз хабарламасы ○ Жарнама ○ Санақ есебі ○ Меморандум ○ Басқа
2.	Бағдарлама мерзімі :
3.	ҚҰЖАТ АВТОРЫ
4	ҚҰЖАТ АҚПАРАТЫ А. Баяндаған мәселелердің ішінен маңызды деген үш нәрсені тізіп жазыңыз. Б. Құжаттың неліктен жазылғандығын білдіретін қандай дәлелдер бар? Құжаттан цитаталар келтіріңіз.

Бағалау : 3 балл

Дискриптор:

Бағдарлама атауы мен мерзімін анықтайды

Бағдарламаның авторы мен тарихи кезеңдерін жазады

«Болшақ» халықаралық бағдарламасының артықтықшылығына ақпарат береді

(оқушылар бағалайды)

Халықаралық «Болашақ» степендиясы 1993 жылдың 5-қарашадағы Қазақстан Республикасының (ҚР) Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың № 1394 Қаулысымен кадрлар мен мамандар даярлау үшін құрылған. Республика азаматтарының әлемнің алдыңғы қатарлы оқу орындарында күндізгі бөлімде магистратура, докторантура (PhD), медициналық ғылым кандидаты, клиникалық ординатурада оқу, резидентура білімін шыңдауға немесе шетелдік мекемелерде іс-тәжірибеден өтіп біліктілік арттыруға мол мүмкіндік береді. Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның оң қорытындысына ие болған үміткерлер ғана степендия иегері атанады (ҚР Электрондық үкіметі, 2021). Н.Назарбаев өзінің әрбір Халыққа Жолдауы мен мақалаларында білімнің жекелеген адамдар мен мемлекет өміріндегі орнының ерекше екенін айтады, соған байланысты көптеген мемлекеттік бағдарламалар да қабылданған. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында мемлекеттің табысты да, бәсекеле қабілетті болуы азаматтарының білімді болуымен байланысты екенін айтқан еді.

Осыған байланысты әлемдік озық университеттердің білім берудегі озықтығын үйрену мақсатында ең алғаш рет 1994 жылы «Болашақпен» АҚШ, Ұлыбританияға, Германия және Франция секілді елдерге Қазақстанның 187 студенті білім алуға жіберілген. Жыл өткен сайын «Болашақ» бағдарламасының ауқымы мен үміткерлер саны артып, қызметі жалғасып келеді. «Болашақ» бағдарламасының көп жақсылықтарының бірі қазақстандық университеттердің шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастықтары артуы мен дамуына өз пайдасын тигізді (Н.Назарбаев, «Тәуелсіздік дәуірі» 82-83 б., 2017).

Қазіргі таңда «Болашақ» түлектері Президент аппаратынан бастап, барлық маңызды мекемелер мен ұлттық компанияларда Қазақстанды заман талабына сай дамытуға табысты қызмет етіп жүр. «Болашақ» түлегі оқуының бітіріп, Қазақстанға оралып, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында 5 жыл немесе басқа облыс, қалаларда – 3 жыл немесе білім саласында – 2 жыл мамандығы бойынша мемлекеттік органдарда жұмыс істеуі керек. Бағдарлама түлектерінің 99,1 пайызы жұмысқа орналасқан (Kursiv.kz, 2019b).

Жалпы «Болашақ» бағдарламасымен 1994-2020 жылдар аралығында 14 156 стипендия берілсе, оның 785-і 1994-2004 жылдар аралығында, ал 2005-2020 жылдарда 13 371 стипендия тағайындалған. Сол 13 371 стипендияның 3379-ы – бакалавриат, 7379 – магистратура, 35 – аспирантура, 87 – клиникалық ординатура, 366 – докторантура, 2125 – тағылымдама бағдарламасы бойынша

білім алуға бөлінген. «Болашақ» стипендиясының иегерлері мына елдерді таңдайды: Ұлыбритания мен Ирландия – 45,5%, АҚШ пен Канада – 26%, Еуропа елдері – 12,9%, Азия елдері – 8% және стипендияттардың 7,6% үлесі Ресейде оқуды таңдаған. Бұған қоса, «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алған 11 121 маманның 54,8%-ы гуманитарлық, 36,2%-ы техникалық, 7,2%-ы медициналық және 1,8%-ы шығармашылық мамандық иегерлері екен (Azattyq-ruhy.kz, 2021).

«Болашақ» бағдарламасы елдің дамуымен стратегиялық басымдықтарына сай өзгертіліп, талаптары күшейтіліп отырды. Мәселен, 2008-2010 жылдары шетелдік университеттерде оқумен қатар, шетелдік мекемелерде тәжірибеден өту бойынша «Тағылымдама бағдарламалары» құрылды. 2014 жылынан бастап «6+6» форматы бойынша тілдік дайындық талабы енгізілумен қатар, IELTS талаптары да 3.0-ден 5.0-ге дейін арттырылды. Әлемнің 100 үздік ЖОО-да оқыту және Ғылыми кадрларды даярлаудың жаңа жүйесі Split PhD-ды іске қосылды. Ал, 2017-2018 оқу жылынан бастап дипломдағы бітіру орташа бал ережесі GPA 3.0-тен 3.3-ке дайын көбейтіліп, IELTS бойынша да талап 5.0-ден 5.5-ке дайын ұлғайтылды. 2019-2020 оқу жылынан бастап «Болашақ» үміткерлеріне жас шектеулері алынып тасталды («Болашақ» халықаралық стипендиясы, 2021). «Болашақ» бағдарламасын ҚР Мемлекеттік хатшысы басшылық ететін «Шетелдерде мамандар дайындау бойынша республикалық комиссиясының» оң шешімін алған үміткерлер ғана иелене алады («Егемен Қазақстан» газеті, 2019а).

Қазақстан Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі № 301 қаулысымен «Болашақ» жұмысын жүргізу және басқару бойынша «Халықаралық бағдарламалар орталығы» (ХБО) акционерлік қоғамы (АҚ) құрылды. ХБО шетелге оқуға жіберуге тапсырыс беруші ретінде шетелдік университет және студентпен арада үшжақты келісімшарт жасайды. Әлемдік рейтингін жиі жиі жаңалап, үміткерлерге ақпараттық мәліметтер беріп отырады. ХБО стипендия бөлумен айналыспайды, бірақ бөлінген стипендиямен студент, олардың оқып жатқан университеттері арасындағы әкімшілік-ұйымдастыру жұмыстарына жауапты («Болашақ» халықаралық стипендиясы, 2021а). 2008-2010 жылдары арасында Болашақ бағдарламасына ауыл жастары, мемлекеттік қызметкерлер, ғылыми-педагог қызметкерлері үшін жеңілдік санаттары, 12 айға дейін ғылыми және педагогикалық қызметкерлер үшін шетелде ғылыми тағылымдамалар бағдарламалары енгізілді. 2008 жылдан бастап ауыл жастары мен мемлекеттік қызметкерлер, ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің бағдарлама арқылы алдын-ала ағылшын тілін жетілдіріп, білім алу мен тәжірибеден өту мүмкіндігі жасалды. 2011 жылдан бастап бакалавриат бойынша «Болашақпен» білім алу бағдарлама талаптарынан шығарылды (Kursiv.kz, 2019b).

ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 6 мамырдағы қаулысымен «Болашақ» стипендиясын тағайындау бойынша күрделі өзгерістер жасалды. Үміткерлерді ұсыныс және негіздеме хаттары арқылы бағалау сондай-ақ, мемлекеттік тіл мен шет тілді білу деңгейін анықтау тесті алынып тасталды. Қазіргі негізгі 3 кезең олар: кешенді тестілеу, тәуелсіз комиссиямен сұхбат және қорытынды кезең. Нәтиже – Шетелде кадрларды даярлау жөніндегі республикалық комиссиясының отырысынан кейін белгілі болады. Тағы бір өзгеріс, 2020 жылдан бастап құжат тапсыру толықтай онлайн форматқа өтті. 2019 жылға дейін 7 санат: мемлекеттік қызметкерлер, ғылыми-педагогикалық, медиа, мәдениет-спорт, медицина-денсаулық сақтау, инженерлік-техникалық бағыттағы үміткерлерге тілдік курстары тілдік курс бойынша жеңілдетілген квота берілетін. Өзгерістен кейін тек ауылдық үміткерлердің ғана тілдік курс жеңілдігін пайдалана алатын болды. Үміткерлер 2008-2012 жылдарында 1,5 жылға дейін, ал 2012-2019 жылдарында 1 жылға дейін шет тіленен дайындық курстарынан өтетін еді.

«Болашақ» стипендиясына үміткерлері ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен әлемдік университеттердің тізіміндегі бір университетті таңдау қажет. 2020 жылы «Болашақ» бағдарламасымен студенттер әлемнің 23 еліндегі 138 университетке білім алулары қарастырылған еді. Ал, 2021 жылдың 30-сәуіріндегі Білім және ғылым министрлігі жиналысынан кейін 2021 жылдан бастап, әлемдік университеттер тізімін 1-ден 3 жылға бірақ жасады. Жаңартылған тізім бойынша, 2021-2023 жылдарында қазақстандықтар әлемнің 27 елінен 207 университетінде білім алатын болады. Шетелдік университеттерді таңдауда кезінде QS World University Rankings, Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education» секілді үш халықаралық академиялық рейтингінің ең кемі екеуінің топ-250 енген университеттер іріктеліп алынады (ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2021).

Ковид-19 пандемиясына байланысты 2021 жылдың 28 қаңтарындағы мәлімет бойынша Австралия, ҚХР, Швейцария, Оңтүстік Корея мен Жапонияда оқу үшін студенттік визаларды беру тоқтатылды. ХБО-ның 2021 жылдың 12-наурыздағы дерегінде, пандемиясына байланысты 75 студент онлайн және 610 стипендиат шетелде білім алып жатыр екен Бағдарламаның негізгі талаптарының біріне жетекші университеттің филиалдарында емес, шетелдік университеттің бас корпусында білім талап етіледі. Соңғы уақыттары да Қазақстанда әлемдік университеттердің филиалдары ашылып жатыр. Тек ағылшын тілінде білім беретін Де Монфорт (Лестер) британ университетінің филиалы 2021 жылы Алматыда ашылу жоспарлануда. Бұл үдерістің «Болашақ» квотасының азаюы мен көбейуіне еш әсері жоқ. Стипендианттың қай елде, қандай мамандықпен қай университетте оқуды өзі таңдайды.

Бағдарламаның кейбір талаптарына саралар болсақ, магистратура бойынша білімін аяқтаған тұлға қайтадан «Болашақ» арқылы докторантураға оқуға әрекеттене алмайды. Тиісті мерзім бойынша қызмет ету керек. Оқуды аяқтағаннан кейін шетелде қалып жұмыс істей алмайды. Шетелде жұмыс істеуге болатын жалғыз мекеме Қазақстан шетелдегі дипломатиялық органдары. «Болашақ» бағдарламасымен оқуға түскен студент қажетті талаптарға сай келсе басқа елге, басқа университетке ауысып, білімін жалғастыруға мүмкіндік берілген. Ең басты талап, ауысатын университет жетекші университет болуы керек және оның шақыртуы негізінде студенттің оқу үлгерімі қажетті нормаларға сай келуі қажет (Sputnik.kz, 2021, Kursiv.kz, 2021a). Дамыған елдердің үлгісінде құрылғанына 28 жыл болған «Болашақ» бұл бағдарламаның әлемде концептуалдық жақтан баламасы жоқ. Студенттерді толықтай қаржыландыру бойынша «Болашақ» 2014 жылы АҚШ-та өткен Going Global VIII халықаралық конференциясында Британдық Кеңес пен Герман академиялық алмасулар қызметінің зерттеу қорытындысында ұқсас 11 бағдарламаның арасында іріктеу барысының толық ұйымдастырылуы, еңбек нарығындағы сұранысқа сай жасалған мамандықтар бағыты және ЖОО тізімі санаттары бойынша «Болашақты» үздік стипендиялық бағдарлама анықтаған («Егемен Қазақстан» газеті, 2021b).

Қорытындылай келе, «Болашақ» бағдарламасы шын мәнінде Қазақстанның болашағына үлкен оң өзгерістер әкелетін бағдарлама бола білді. Тәуелсіз Қазақстанның он мыңдаған азаматтары дамыған, алдыңғы қатарлы елдердің білімін үйренумен қатар қоғамдық озық тәжірибесімен жақын танысып, талдау жасау, салыстыру ұғымдарын жұмыс барысында қолданумен қатар, елдің даму қарқынының артуы мен жандануында мол үлестерін қосып келеді. «Ең үлкен инвестиция білімге салынған қаржы қағидасына сай, бұдан 28 жыл бұрын қолға алынған бағдарлама бүгінде өзінің жақсы нәтижелерін беріп келеді. Қазіргі Қазақстанның басқарушылары арасында көп деген министрлер, әкімдер, ұлттық компанияның топ-менеджерлер Болашақтың түлектері. Болашақ бағдарламасы тәуелсіздік алған Қазақстанның қоғамына үлкен серпіліс пен жаңашылдық алып келді. Шетелде оқуға ниетті жастар қатары артты. Ағылшан тілін білуге деген сұраныс қалыптасты. Елдің түрлі саласындағы даму үдерісі барысында «Болашақ» бағдарламасының түлектерінің үлесінің алдағы жылдарда да жалғаса беретіні айқын байқалады.

«Болашақ» халықаралық стипендиясы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың **1993 жылғы 5 қарашадағы** қаулысымен құрылған.

Қазақстан Республикасына тәуелсіздік таңында кейіннен реформалар жасап, елімізді әлемдік аренада лайықты танытатын жоғары білікті кадрлар талап етілді.

Посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттер тарихында алғаш рет талантты жастарға шетелде білім алу мүмкіндігі берілді. «Болашақ» стипендиясы түлектердің табысты мансаптық өсуі мен кәсіптік өзін-өзі жүзеге асыруының өзіндік кепіліне айналды.

Жылдар өте, бағдарлама қарқын алып, мемлекеттік тапсырмаларды іске асыруға бейімделді.

1997 жыл – елдің дамуындағы негізгі кезеңнің бірі. Мемлекет басшысы 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын ұсынды. Стратегияның мақсаттары мен міндеттерін тиімді іске асыру үшін «Болашақ» бағдарламасына да өзгерістер енгізілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 3 наурыздағы № 3375 Жарлығымен бекітілген Ережеде құжаттарды қабылдау және үміткерлерді іріктеу рәсімдері қозғалды, сондай-ақ стипендиаттарды оқуының толық курсы аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және ұйымдарына жұмысқа орналастыру көзделді.

Сонымен қатар, оқу бағыттарындағы үйлесімділіктер туралы мәселені шешу талап етілді. 1994–1997 жж. стипендия, негізінен, қазақстандық жоғары оқу орындарының экономикалық және гуманитарлық факультеттерінің түлектеріне тағайындалды. Техникалық факультеттердің түлектері бағдарламада өте аз ұсынылған. Бұл ең алдымен, техникалық мамандықтардың оқу жоспарларында экономикалық және гуманитарлық мамандықтардың оқу жоспарларымен салыстырғанда шет тілдерін аз көлемде игеру көзделетіндігіне байланысты болды.

Бағдарлама іске асырылған алғашқы жылдары стипендиаттар төрт елде ғана оқыған (АҚШ, Ұлыбритания, Германия және Франция). Кейінгі жылдары шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықтың дамуына, сондай-ақ Үміткерлерді іріктеу қағидаларына кандидаттарды іріктеуді шетелде өз бетімен оқып жатқан үміткерлер арасында жүргізуге қатысты толықтырулардың енгізілуіне байланысты оқу елдерінің аумағы кеңейді.

2000 жылдан бастап «Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000

жылғы 12қазандағы № 470 Жарлығына сәйкес, инженерлік және техникалық білімі бар үміткерлер шет тілдерінің бірін еркін меңгеру туралы талапты есепке алмай конкурсқа қатысу құқығына ие болды.

1994 – 2004 жылдар кезеңінде 13 елде оқу үшін 780 стипендия тағайындалған.

2005 жылы Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында жыл сайын үш мың жас және талантты қазақстандыққа әлемнің жетекші оқу орындарында оқу мүмкіндігін беру қажеттілігі туралы жариялады.

Стипендиаттар санын арттыру қажеттілігі уақыт талабы болып отыр. Қалыптасқан нарықтық экономика жағдайларында мемлекет бәсекеге қабілетті экономика үлгісіне және Қазақстан үшін басымды индустриалды-инновациялық даму, білім және ғылым, менеджмент, маркетинг, логистика, жаңа ақпараттық технологиялар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және басқа да салалардағы мамандарға қажеттілік ұдайы өсіп келе жатқан салалардың тұрақты өсуіне негізделген даму жолын таңдады.

Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі 2005 жылғы 4 сәуірдегі № 301 қаулысымен «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамын құрды.

Стипендиаттарға елге келгеннен кейін бес жыл жұмыс істеу үшін міндеттемелерді бекітіп беретін шарттық база әзірленді, Үміткерлерді іріктеудің жаңа ережесі бекітілді, шетелдік жоғары оқу орындарының географиясы әлемнің 13 елінен 33 еліне дейін кеңейтілді. Шығыс бағыты дамытылып, оқу үшін ұсынылатын шетелдік жоғары оқу орындарының қатарына Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Малайзия және Сингапурдің прогрессивті университеттері, сондай-ақ посткеңестік мемлекеттердің жоғары оқу орындары енгізілді.

Экономиканың басым мамандықтары үшін берілген салаларда (мұнайгаз ісі, энергетика және т.б.) жылдары тағайындалған гранттар саны «Болашақ» бағдарламасы іске асырылған алдыңғы қатарлы технологияларды қолданатын оқу елдері анықталды.

2005-2006 жылдары тағайындалған гранттар саны «Болашақ» бағдарламасын іске асырудың барлық тарихындағы рекордтық сан – **2 574 адамға** жетті.

2008 жылдан бастап елді мекендерде білім деңгейін арттыру («ауыл жастары» санаты енгізілген), мемлекеттік аппаратты реформалау («мемлекеттік қызметшілер» санаты енгізілді) және елдің ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту («магистратураға ғылыми-педагог қызметкер» және «тағылымдамаға ғылыми қызметкер» санаттары енгізілді) мақсатында бағдарламаға қолжетімділік кеңейтілген.

2011 жылдан бастап бакалавриат бағдарламасы бойынша оқыту тоқтатылды. Жұмыс берушілердің нақты тапсырыстары бойынша мамандар даярлауды және жұмыс беруші, стипендиат және «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ арасында үш жақты шарт жасауды көздейтін бағдарламалық-мақсаттық тетік енгізілді.

2012 жылдан бастап тағылымдама бағдарламасы инженерлік-техникалық, медицина және педагог қызметкерлер санаттарымен кеңейтілді.

2014 жылдан бастап үміткерлерді іріктеу сапасын арттыру үшін шетел (IELTS 3,0-тен IELTS 4,0-ке) және мемлекеттік (75 баллдан 85 баллға) тілдерді білудің ең аз бастапқы деңгейі арттырылды. Times Higher Education, QS және Academic Ranking of World Universities халықаралық рейтингілеріндегі алғашқы 200 орындағығана, ұлттық рейтингілердегі алғашқы 30 орындағы және THE 100 under 50 және QS 50 under 50 рейтингілердегі оқу үшін ұсынылған шетелдік жоғары оқу орындарына талаптар қатаңдатылды, магистратура бағдарламасы үшін мәдениет және БАҚ қызметкерлері жаңа санаттары енгізілді.

2015 жылдан бастап ағылшын тілін Қазақстанда оқытуды көздейтін «6+6» тілдік даярлаудың жаңа моделі іске қосылды, магистратура және докторантура бағдарламаларына қолжетімділік кеңейтілді, Split-PhD индустриализациялау үшін ғылыми кадрлар даярлаудың жаңа моделін енгізілді.

«Болашақ» халықаралық стипендиясы іске асырылған жылдары әлемнің 33 еліндегі 200 үздік жоғары оқу орнында оқу үшін 11 126 қазақстандыққа стипендия тағайындалған.

«Болашақ» стипендиясын іске асыру тетігін жетілдірудің мақсатты саясатының нәтижесі «Болашақ» стипендиясының 2014 жылы Майамидегі Going Global VIII халықаралық конференциясында осы тектес 11 стипендиялық бағдарлама арасында үздік деп танылуы

№2 тапсырма

«SWOT-талдау: Білім жүйесі

Күшті жақтары: Білімді дамытудың нақты айқындалған басым бағыттары; Мектепке дейінгі және орта білім объектілері желісінің ұлғаюы; Білім берудің әрбір деңгейі бойынша ұлттық және республикалық орталықтардың болуы; Қазақстандық білім беру құрылымының Білім берудің халықаралық стандарты жіктеуішімен сәйкестігі; Техникалық және кәсіптік білімді қайта құрылымдау; Ұлттық білім беру сапасын бағалау жүйесінің қызмет етуі; TIMSS – 2007 халықаралық зерттеуіндегі жоғары көрсеткіштер; Еуропалық білім беру кеңістігіне кіру.	Әлсіз жақтары: Білім беруді қаржыландырудың жеткіліксіздігі; Жоғары білікті педагог кадрлардың тапшылығы; Балалар құқықтарын қорғау мамандарының саны жеткіліксіз; Білім беруді акпараттандырудың нашар дамуы; Білім беру статистикасы халықаралық стандарттарға сәйкес емес және білім алушыларға қолжетімсіз; Жалпы орта және жоғары білім мазмұнының бірігуінің жоқтығы; Колледждер мен ЖОО бітірушілерінің біліктілігіне білім беру жүйесінің ұсынысы мен жұмыс берушілердің сұранысының арасындағы теңдіктің жоқтығы; Жоғары білім мен ғылымның ықпалдасуының жоқтығы.
Мүмкіндіктер: Қазақстандық білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру; Адами капиталдың сапасын арттыру; балалардың өмір сапасының әлеуметтік құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз ету; Еңбек ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру; ұлттық экономиканы тұрақтандыру; Халықаралық ұйымдар мен жұмыс берушілер тарапынан білімді инвестициялық қолдау; Баланың жетістіктері туралы қашықтықтан ақпараттық хабарландыру арқылы ата-ана – білім беру ұйымы – бала байланысын жүзеге асыру. Үздік білім беру ресурстары мен технологияларына қол жеткізу.	Қауіп-қатер: Білім берудің жеткіліксіз қаржыландырылуына байланысты алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізбеу; Электрондық оқыту жүйесін қолданудағы пайдаланушылардың төмен уәждемесі; Демографиялық процестерге (туудың өсуі) және көші-қон жағдайларына байланысты мектепке дейінгі ұйымдардан орын алуға кезек пен оқушы орны тапшылығының өсуі; Білім беру ұйымдарын пайдалануға беру мерзімдерінің бұзылуы; Апаттық деп танылған мектептер санының ұлғаюы; Мүмкіндігі шектеулі балалардың және мүгедек балалардың көбеюі; Еңбек нарығында мамандарға деген болжамның жоқтығы

Балл: 2

Дискрептор :

Білім жүйесінің даму бағыттарына талдау жасайды

Күшті жақтарын анықтайды

Әлсіз жақтарын көрсетеді

Мүмкіндіктерін баяндайды

Қауіп-қатер жақтарын айқындайды

Бағалаймыз !!!

№3 тапсырма

«Мен «Болашақ»бағдарламаның түлегімін» эссе

Балл: 3

Дискрептор:

Болашақ бағдарламаның бітірген түлегі өз еліне жұмыс жасайтыны немесе шетелде қалу жұмысын жалғастыру жайлы жазады

Рефлексия :

ДИПЛОМ: ҚЫЗЫЛ, КӨК, СЕРТИФИКАТ

(неге көтердіңіз)

Мақсатқа оралам :

Бағалаймын